

Қаржыландыру көзі	2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарға гранттық қаржыландыру (Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі)
Басым бағыттар	Ақпараттық, коммуникациялық және ғарыштық технологиялар
Мамандандырылған ғылыми бағыттар	Жоғары өнімді есептеу технологиялары: 4.4.5 ақпараттық-іздеу жүйелері; инжиниринг және технология саласындағы зерттеулер (Компьютерлік ғылымдар және информатика; жасанды интеллект). Қолданбалы зерттеу
Жоба ИРН:	
Жобаның атауы:	Қазақ тілінде интеллектуалды сұрақ-жауап жүйесін құру технологиясы.
Жоба жетекшісі	Муканова Асель Сериковна, PhD
Іске асыру мерзімдері	жж
Өзектілігі (қысқаша)	Зерттеулердің өзектілігі қазір іздеу, анықтамалық және интеллектуалды жүйелердің қасиеттерін біріктіретін және табиғи тілдік интерфейстерді қолданатын интеллектуалды сұрақ-жауап жүйелері белсенді дамып келе жатқандығымен расталады.
Мақсаты	Лингвистикалық қана емес, сонымен қатар пәндік саладағы семантикалық ақпаратты ескере отырып, қазақ тілінде жазбаша диалог жүргізу мүмкіндігі бар, берілген пәндік сала бойынша интеллектуалды сұрақ-жауап жүйесін (ИСЖЖ) құру технологиясын әзірлеу
Күтілетін нәтиже	әндік облыстың онтологиялық моделі, пәндік облыстың тезаурусы, пәндік облыстың қазақ тіліндегі мәтіндік корпусы, эталондық сұрақтар және оларға жауаптар; азақ тілінің морфологиялық және синтаксистік ережелерінің семантикалық модельдері; шаблондық сұрақтар мен жауаптардың базасы; қойылған сұрақты морфологиялық, синтаксистік және семантикалық талдаудың алгоритмдері мен программалары; рхитектура, білім базасының құрылымы және деректер байланысының схемалары, ИСЖЖ пайдаланушы интерфейсi, ИСЖЖ ішкі жүйелері функцияларының спецификациялары, ИСЖЖ барлық ішкі жүйелерінің программалары, эталондық сұрақтар мен жауаптардың деректер базасы, сондай-ақ пәндік облыстың онтологиялық моделінде кілттік сөздерді іздеу алгоритмдері мен программалары, жауап фрагменттері бар релевантты құжаттар, білім базасынан жауап алу және шаблондық сұрақтар дерекқорына жаңадан қойылған сұрақтың жауаптары мен оған жауаптарды орналастыру.
Алынған нәтижелердің мақсатты тұтынушылары	Алынған нәтижелердің мақсатты тұтынушылары оның жынысына, ұлтына, жасына, азаматтығына, тұрғылықты жеріне, әлеуметтік мәртебесіне, жұмыс орнына және т.б. қарамастан, Қазақ тілі мен онлайн жұмыс дағдыларын меңгерген жеке тұлғалар, сондай-ақ меншік нысанына, ұйым нысанына, қызмет нысанасына, орналасқан жеріне және юрисдикциясына қарамастан заңды тұлғалар болады.